

11 ақпан
сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ СЫН САҒАТТЫҢ «САБАҒЫ»

КӨКТЕМ МЕЗГІЛІНІҢ ЖАҚЫНДАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ЖӘНЕ АУДАНЫМЫЗДА СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. ТАБИҒИ АПАТТЫҢ ҚАУПІН АЗАЙТУ МАҚСАТЫНДА АУДАН ӘКІМДІГІ, ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАР ЖҮЙЕЛІ ШАРАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУДА.



Ойыл ауданында су тасқыны қаупі жоғары аймақтарда қорғаныс бөгеттері салынып жатыр. Су өткізу жүйелері жөнделіп, инженерлік инфрақұрылым нығайтылып, гидротехникалық құрылыстардың жай-күйі тексерілуде. Төтенше жағдайлар бөлімі су тасқыны қаупі бар ауылдарда тәулік бойы бақылау жүргізіп, қажет болған жағдайда шұғыл әрекет етуге дайындықтарын пысықтауда. Апат кезінде халықты эвакуациялау үшін арнайы орындар белгіленіп, тұрғындарға қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру жұмы-

стары ұйымдастырылды. Аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлейменов су тасқынына дайындық барысын тексеріп, тиісті мекемелерге қауіпсіздік шараларын күшейтуді тапсырды. Оның айтуынша, басты міндет – тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың алдын алу үшін барынша қамдану. "Көктем-2025" оқу-жаттығу барысында су тасқыны жағдайында шұғыл әрекет ету, халықты қауіпсіз жерге көшіру және зардап шеккендерге көмек көрсету бойынша

тәжірибелік сабақтар өткізілді. Жаттығу барысында төтенше жағдай қызметкерлері құтқару операцияларын жүзеге асырып, арнайы техниканың дайындығын тексерді. Сондай-ақ, тіршілікті қамтамасыз ету нысандары мен жол қызметтерінің көктемгі жағдайға әзірлігі қадағаланды. Азаматтық қорғау қызметтері түрлі сценарийлер бойынша тексерістер жүргізіп, апат кезінде шұғыл көмек көрсету алгоритмін жетілдірді. Ойыл ауданында көктемгі су тасқынының алдын алу бойынша кешенді шаралар

жалғасуда. Төтенше жағдайлар қызметі мен аудан әкімдігі жағдайды тұрақты бақылауда ұстап, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бар күшін салуда. Жергілікті билік су тасқыны қаупіне байланысты тұрғындарға әрдайым сақтық шараларын ескеруді, қажетті заттарды дайындап қоюды және ресми органдардың нұсқауларын орындауды ұсынды. Ойыл ауданының билігі су тасқынына толық дайындығы деп сендіріп отыр, алайда табиғаттың тосын мінезіне әрдайым дайын болу маңызды.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ Өңірлік кәсіпкерлер кеңесінің

ОТЫРЫС АРАЛАС ФОРМАТТА ӨТТІ, ОҒАН «АТАМЕКЕН» ҚР ҰКП БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ТИМУР НАҚЫПБЕКОВ ҚАТЫСТЫ. БҰРЫНҒЫ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНЕ ЖЕМІСТІ ЖҰМЫСЫ ҮШІН АЛҒЫС АЙТЫЛДЫ. ЖАҢА ҚҰРАМДА ТӨРАҒА САЙЛАНЫП, НЕГІЗГІ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ АНЫҚТАЛДЫ.



"Ақтөбе облысының Өңірлік кеңесінің жетекші салаларды білдіретін кәсіби құрамы қалыптасты. Белсенді және жемісті жұмысқа сенімдімін. Өздеріңіз білетіндей, үкімет деңгейіндегі Ұлттық палата көптеген комиссиялар, кеңестер және жұмыс топтарының құрамына кіреді және әрқашан сіздің бастамаларыңызға қолдау көрсетуге дайын. Бүгінде салық салу, Салық кодексінің жобасына өзгерістер енгізу мәселелерін талқылау басымдыққа ие, өңірлер әрқашан жоғары сараптамалық

пікірімен ерекшеленді", - деп атап өтті Тимур Нақыпбеков. Өз кезегінде Ақтөбе облысы палатасының директоры Дидар Боранқұлов Өңірлік кеңестің бұрынғы мүшелеріне ынтымақтастық үшін алғысын білдіріп, оларға ҚР ҰКП Төралқа төрағасы Райымбек Баталовтың алғыс хаттарын табыс етті. Сондай-ақ сайлануымен құттықтап, жаңа құрамға жемісті жұмыс тіледі, ӨКП қызметінің негізгі бағыттары туралы хабардар етті. Палата басшысы өңірлік

ЖАҢАРТЫЛҒАН ҚҰРАМЫНЫҢ БІРІНШІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

кеңестің құрылымы 55,5% - ға жаңартылғанын атап өтті. "Өңірлік кеңестің жаңартылған құрамы Ақтөбе облысында кәсіпкерлікті дамыту үшін қуатты қозғалтқыш болатынына сенім бар. Кеңес 22 өкілден тұрады, олардың арасында 12 аудандық және 8 салалық кеңестің мүшелері, сондай-ақ аккредиттелген қауымдастықтардың 2 делегаты бар. Жаңа құрамға бұрынғы құрамнан 10 делегат кірді, бұл сабақтастықты да, жаңаруды да көрсетеді", - деді Дидар Боранқұлов. Өңірлік кеңестің құрамына 17 ер адам мен 5 әйел кіреді, олардың арасында әртүрлі деңгейдегі мәслихаттардың 7 депутаты бар. Кеңестің 20 мүшесі саяси партиялардан тұрады, делегаттардың орташа жасы-48-де. Өңірлік кеңеске 10 ЖШС, 6 ШҚ, 4 ЖК және 2 қауымдастық өкілдері кіреді. Сондай-ақ, өңірлік кеңестің мүшелеріне бірауыздан шешімімен оны "Дастан" ЖШС құрылтайшысы Асхат Айтжанов басқарды. Ол құрылыс, ТКШ және энергетика салалық кеңесінің делегаты. "Сенім білдіргеніңіз үшін рахмет. Бұл үлкен жауапкершілік. Біз шағын және орта бизнес

- ел экономикасының негізгі қозғаушы күші екенің анық түсінеміз. Бизнесің құқықтары мен мүдделерін қорғауға қатысты мәселелерде біз өз ұстанымымызда берік болу керекпіз. Кәсіпкерлердің барлық туындаған сұрақтары бірлесіп шешілуі тиіс", - деді Асхат Айтжанов. Кеңес мүшелері жұмысқа белсене араласып, кәсіпкерлердің мүдделерін қорғауға дайын екендігін білдірді. Сауда және қызмет көрсету салалық кеңесінен сайланған Арман Жылгелді аудандық кәсіпкерлермен өзара іс-қимылды күшейтуді және ауылдарда көшпелі іс-шаралар өткізуді ұсынды, бұл жергілікті жерлерде бизнестің қажеттіліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді деді. Ақтөбе облысының өңірлік кәсіпкерлер кеңесінің жаңартылған құрамы белсенді және жемісті жұмысқа дайын, бұл, әрине, өңірдегі кәсіпкерлікті дамыту үшін қуатты қозғалтқышқа айналады деген сенім туғызады. **PS Ақтөбе облысының өңірлік кәсіпкерлер кеңесінің жаңартылған құрамына аудандық кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы, «Ойыл газеті» ЖШС-нің директоры Серікбай Қойбағаров та өнді.**

«ЖІБЕК ЖОЛЫ» БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ РЕСПУБЛИКАҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ



100-ден 500-ге дейін партия мүшесі бар, байқаудың 2-саны бойынша жүлделі-орынды Ойыл аудандық «Жібек жолы» бастауыш партия ұйымы иеленді. Осы жеңіске жетер жолда тынбай еңбектеніп, өздерінің партия қызметіндегі жұмыстарын көрсете білген, партияның іргетасы ретінде бастауыш ұйымның іскерлігін таныта білген партия мүшелері мен ұйым төрағасы Айгүл Майлыбаева,

партиялық ұйымның ұяшығы - Ойыл аудандық ауруханасы және оның бас дәрігері, аманаттық депутат, партияның ең жоғарғы марапаты «Белсенді қызметі үшін» медалінің иегері Сәндібек Нұрбаевтың да жеңіске қосқан үлесі көп! «Жібек жолы» бастауыш партия ұйымы «Ең үздік бастауыш партия ұйымы» байқауының 3-ші кезеңі, яғни республикалық байқауға жолдама алды.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

10 ақпан 2025 жыл № 21 Ойыл селосы
Аудандық мәслихаттың кезекті жиырма бірінші сессиясын шақыру туралы
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**
Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті жиырма бірінші сессиясы 2025 жылдың 20 ақпаны күні сағат 15.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.
Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:
1. Аудандық мәслихаттың 2024 жылы атқарған жұмысы жөніндегі аудандық мәслихат төрағасының есебі
Хабарламашы: С.Ф.Займолдин
2. Ауданда ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік саласына қатысты мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы және оның нәтижелері туралы
Хабарламашы: А.Қ.Мұбарқов – аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы
3. Аудан аумағында су тасқынына қарсы қажетті жұмыстарды жүргізу үшін тартылатын күштер мен құралдардың дайындығы туралы
Хабарламашы: Ж.А.Қобыланов - аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы
4. Басқа да мәселелер
Аудандық мәслихаттың төрағасы: С.Ф.Займолдин

БАЛАНЫҢ «ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСАТЫНЫҢ ҚАЛАЙ БІЛУГЕ БОЛАДЫ?



БЖЗҚ-ның kids.enpf.kz сайтындағы "Нысаналы талаптарға қатысушыны іздеу" бөліміне баланың ЖСН енгізіп, "Тексеру" батырмасын басу керек. Бала нысаналы талаптарға қатысушы болған есепті жыл және оның нысаналы талаптарының жалпы сомасы көрсетілген ақпарат беріледі. Сонымен қатар, сайтта балалардың туған жылдары бойынша бөліністе Нысаналы

талаптар мен нысаналы жинақтардың қалыптасу тарихы ұсынылған, онда есептелген сомалар, инвестициялық кіріс, сондай-ақ нысаналы жинақтардың (НЖ) БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шотына есептелген жылы көрсетіледі. Баланың бағдарламаға қатысатынын eGov mobile электрондық үкіметі мен екінші деңгейдегі банктердің қосымшаларынан да тексеруге болады.

ЕРТЕНІНДІ ОҰЛАСАН, ЕСІРТКІГЕ ЖОЛАМА!

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ЖОЛДАУЫНДА ЕСІРТКІ ҚЫЛМЫСЫН ЕЛІМІЗДЕГІ ӨЗЕКТІ МӨСЕЛЕРДІ БІРІ РЕТІНДЕ АТАП ӨТІП, ӨСІРЕСЕ ОНЫҢ ЖАСТАР АРАСЫНДА БЕЛЕҢ АЛУЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҮРГІЗУДІ ТАПСЫРДЫ.



Аталған тапсырманы орындау мақсатында облыс көлемінде есірткі саудасымен күресті күшейтіп, нәтижесінде есірткі заттарын жасайтын 1 зертхана, 360 есірткі заттарын сататын сайттары бұғатталды. Еліміз бүгінде есірткі қабылдау жағынан алдыңғы 10 елдің қатарына кіреді, ресми статистикалық мәліметтерге сүйенсек, есірткі таратуға 13 пен 15 жас аралығындағы балалар тартылып жатыр. Психоактивті заттарды қабылдайтын адамның орташа өмір сүру ұзақтығы 25 жыл болса, есірткіге тәуелді адамдар 3-4 жыл ішінде өледі. Осы орайда, есірткі заттары құмар ойындарға тәуелділіктің зардабы қылмыстық жауапкершілікке алып келетіндігі ескертіледі. Сонымен қатар есірткі, қылмыс пен зорлық – зомбылыққа

итермелейді, өйткені көптеген нашақорлар өздеріне қажетті дозаны қамтамасыз ету үшін қылмыс жасап, ақша табуға мәжбүр болады. Аталған тақырыпта аудан тұрғындарын, жас өспірімдерді есірткі заттарынан, құмар ойындарынан, алаяқтар мен буллинг әрекеттерінен аулақ болуы үшін тұрғындар арасында білім беру мекемелерінде тұрақты түрде түсіндіру және әлеуметтік желілерде ақпараттық жұмыстары жүргізілуде. Есірткінің қасіретін өскелең ұрпақ жақсы білуі үшін әрбір ата – ана отбасында балаларына жат әдеттердің зардабы туралы айтып отырса, ұтарымыз көп болмақ. Өйткені бала тәрбиенің 60 пайызын отбасынан, қалғанын сыртқы ортадан алатындығын ұмытпайық.

Ойыл ауданының прокуратурасы

2025 ЖЫЛЫ МӘМС-КЕ ҚАНША ТӨЛЕЙМІЗ? ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ МӨЛШЕРІ БҰРЫНҒЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҚАЛАТЫНДЫҚТАН, МӘМС ТӨЛЕМДЕРІНІҢ КӨБІСІ ӨЗГЕРМЕЙДІ.



Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында дербес төлеушілер мен жеке кәсіпкерлер үшін жарналарды есептеу негізі ретінде ең төменгі жалақыны алатынын еске салды. 2025 жылы оның мөлшері сол күйінде қалады – 85 000 теңге. Демек, жарналар мөлшері де өзгермейді. Жұмыс берушілер мен жұмысшылар үшін ставкалар да өзгеріссіз қалады – сәйкесінше 3% және 2%. Тек біржолғы төлем мөлшері өзгереді – 21,5%-дан 23,8%-ға дейін, сондай-ақ жеңілдетілген категориядағы азаматтар үшін мемлекет тарапынан жарналар мөлшері өзгереді – орташа айлық жалақының 1,9%-ынан 2%-ына дейін, бұл көрсеткіш өткен екі жылдағы ағымдағы қаржы жылының орташа айлық жалақысынан есептеледі. Бұл мәліметті мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган анықтайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының орташа айлық жалақысы 364 295 теңгені құрады. Осылайша, 2025 жылы МӘМС төлемдерінің мөлшері келесідей болады: •Жұмыс берушілердің жарналары – қызметкердің табысынан 3%; •Жұмысшылардың жарналары – табыстың 2%-ы; •Біржолғы төлем төлеушілер – жалақы қорынан 23,8%;

•Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалардың жарналары – табыстың 2%-ы; •Жеке кәсіпкерлердің, жеке практикамен айналысатын тұлғалардың жарналары – 5 950 теңге (АЕК-тің 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ы, сәйкес қаржы жылының республикалық бюджет заңымен бекітілген); •Дербес төлеушілердің жарналары – 4 250 теңге (АЕК-тің 5%-ы); •Мемлекет тарапынан МӘМС-ке төленетін жарналар – 7 285,9 теңге. МӘМС жарналарын «Қазпошта» АҚ, екінші деңгейлі банктердің қассалары мен мобильді қосымшалары, сондай-ақ терминалдар арқылы төлеуге болады. **Еске салайық, МӘМС жүйесіндегі мәртебені келесі жолдармен тексеруге болады:** •Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сайты: msqorg.kz •Telegram-бот (https://t.me/SaqtdaryuBot) •Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы •Кейбір екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары •egov.kz электронды үкімет сайтының «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі төлемдер мен жарналар туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметі арқылы.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ — МАҢЫЗДЫ ҚЫЗМЕТ

АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ — ӘРБІР МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ. БҰЛ РЕТТЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМШАРТТАРДЫҢ ТОЛЫҚҚАНДЫ ҚАТЫСУШЫСЫ ЖӘНЕ ӨЗІМІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ ЗАҢДАРЫМЫЗҒА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЕНГІЗІП ОТЫРҒАН МЕМЛЕКЕТ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Сонымен бірге біздің еліміз — халықаралық ұйымдармен тығыз жұмыс жасай отырып, ауқымды демократиялық және саяси реформаларды іске асырушы. Бұл реформалар — бәріміз жақсы білетін «Әділетті Қазақстанды» құру жолы. Осылайша Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет ретінде жылдан-жылға құқықтық реформаны күшейте келе, адам құқықтарының бұлжымастығын, мемлекет тарапынан кепілдігін нығайтып келеді.

2021 жылдан бері қарай елімізде кезең-кезеңімен адам құқықтары саласында жоспарлы шаралар іске асырылып жатыр және еліміздегі адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге және бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге бағытталған өзінің белсенді қызметін жалғастыруда. Азаматтардың шағымдарымен жұмыс, жабық мекемелердегі мониторинг, тұрғындарды құқықтық ағарту шаралары, заңнамаға өзгерістер енгізу сияқты бағыттарда Уәкіл, оның өңірлердегі өкілдері, орталық аппарат тұрақты жұмыстануда және Ақтөбе облысы бойынша өкілдіктің атқарып отырған жұмыстары өңір тұрғындарының көз алдында, ашықтық, жариялылық принципіне негізделіп жүргізілуде. Уәкілдің Ақтөбе облысындағы өкілі болып Аққалқа Байдулина екі жылдан астам қызмет етуде. Бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, «Е-өтініш» платформасы арқылы белсенді жұмыс жүргізіп отырған өкілдік осы мерзім аралығында Ақтөбе өңірі тұрғындарына танымал болды және бірқатар адамдарға өз құқықтарын қорғауда көмек қолын созған құрылымға айналуға. Өткен жылы Уәкіл кеңсесі өз қызметінде бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізді: өтініштер саны айтарлықтай өсті, бұл тұрғындар тарапынан сенімнің артқанын көрсетеді, келушілер саны да көбейіп, құқықтық ағарту жұмыстары жанданып, жүйелі жолға қойылды. Уәкіл кеңсесі заңдылық, теңдік, объективтілік, ашықтық сияқты мызғымас қағидаттарды ұстануда және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға басымдық береді. Өткен жылы Уәкіл кеңсесіне 6,5 мыңнан астам өтініш түсті, бұл 2023 жылғы көрсеткіштерден 11 пайызға артық. Өтініштер санының өсуі азаматтардың оңбұдсменді өз құқықтарын қорғаудың нақты тетігі ретінде қарайтынын көрсетеді. Өтініштерді қарау аясында 94 лауазымды тұлға тәртіптік,



5-еуі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Уәкіл өкілдерінің көмегімен 4 қылмыстық іс тіркелді. Оның ішінде Ақтөбе облысы бойынша өкілдің қызметі нәтижесінде адам құқықтарын бұзған 30 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылып, 1 қылмыстық іс қозғалды. Уәкіл жұмысының тағы бір маңызды бөлігі — түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан азаматтардың құқықтарын қорғау. Сотталғандардан түскен шағымдардың басым бөлігі тұрмыс жағдайының нашарлығы, медициналық көмектің көрсетілмеуі, мерзімінен бұрын босату және жазаны ауыстыру туралы өтініштерді қанағаттандырудан бас тартуға қатысты. Осы өтініштерге жауап ретінде Уәкіл мен оның өкілдері бас бостандығынан айыру орындарындағы ұстау жағдайларына мониторинг жүргізді. Жалпы, жыл бойына Уәкіл мен оның өкілдері 770 мекемені, оның ішінде қылмыстық-атқару мекемелерін, әлеуметтік нысандарды және білім беру ұйымдарын аралады. Нәтижесінде 1014 ұсыным беріліп, оның 81 пайызы орындалды. Бұл мемлекеттік органдармен сындарлы өзара әрекеттестік пен олардың жауапкершілігінің артқанын көрсетеді. Оның ішінде Ақтөбе облысы бойынша өкіл түрлі жабық мекемелерге бару нәтижесінде мемлекеттік органдарға 170 ұсыным беріп, оның 157 ұсынымы толығымен орындалып, адам құқықтары қорғалды. Азаматтарды жеке қабылдаулар Уәкіл жұмысының тағы бір маңызды бөлігі болып табылады. 2024 жылы 2,7 мыңнан астам қабылдау өткізіліп, оңбұдсмен Артур Ластаев өзі 100-ден астам адамды жеке қабылдады. Ақтөбе облысы бойынша өкіл 168 адамды жеке қабылдады. Осы кездесулер барысында құқықтық көмек көрсетіліп, 21 пайыздан астам жағдайда азаматтардың құқықтары қалпына келтірілді. Бұл халықпен тікелей өзара әрекеттесу проблемаларды шешудің тиімді жолдарының бірі болып қала

беретінін растайды. 2024 жылы құқықтық тәрбие жұмысына көп көңіл бөлінді. Офлайн және онлайн оқыту шаралары 300 мыңнан астам адамды қамтыды. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаевтың бастамасымен Қазақстанның бірқатар өңірінде «Құқықтық сағат» өтті. Осы іс-шара аясында Уәкіл құқықтық ағарту мақсатында тұрғындардың әртүрлі санаттарымен онлайн кездесулер ұйымдастырды. «Құқықтық сағатқа» Уәкілдің өңірлік өкілдері белсенді атсалысты. Артур Ластаев Қарағанды, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының, сондай-ақ Ұлытау өңірінің тұрғындарымен әңгімелесті. Жиынға жоғары сынып оқушылары, студенттер, кәсіпорын, медицина қызметкерлері, ардагерлер, сондай-ақ азаматтық қоғам өкілдері — барлығы 15 мыңнан астам азамат қатысты. Сонымен қатар азаматтардың құқықтары туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы белсенді түрде таратылып, халықтың құқықтық хабардарлығын арттыруға ықпал етті. Оңбұдсмен Артур Ластаев соңғы екі жылда Үкіметке бірқатар маңызды заңнамалық бастамалар енгізді. Сондай-ақ ол Үкімет пен мемлекеттік органдарға жүйелі мәселелерді шешуге бағытталған 10-ға жуық бастама көтерді. Олардың қатарында оқшауланған сотталғандардың жоғары білім алуына мүмкіндік беру, облыс орталықтарында көп бейінді колонияларға балама шара ретінде ұстау жағдайларын жақсарту және қақтығыс аймақтарынан оралған азаматтарды қоғамға бейімдеу мақсатында заңнамаға өзгертулер енгізу бар. Мысалы, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаевтың мәжбүрлеп некеге тұру мақсатында адамды ұрлау үшін жауапкершілікті белгілеу туралы бастамасы қазіргі уақытта қаралу сатысында. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне адам-

ды некелесу мақсатында ұрлаған қылмыскерді өз еркімен босатқан жағдайда да оны қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігін жоққа шығаратын арнайы бап енгізу арқылы жазаны қатандату ұсынылды. Көпсалалықолониялар салу мәселесі де қарастырылуда. Мұндай мекемелерді салу қажеттілігі қазіргі уақытта түзеу мекемелерінің ірі елдімекендерден шалғай орналасқандығына байланысты. Бұл олардың қажетті тұрмыстық жағдайлары мен кадрлармен қамтамасыз етілуіне кері әсерін тигізеді, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қиындатады, медициналық қызмет көрсетуді тежейді. Сондай-ақ сотталғандардың туыстарымен байланысын шектейді. Осыған байланысты Артур Ластаев Үкіметке барлық санаттағы жазаланушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін қанағаттандыратын ұстау жағдайларын қамтамасыз ете алатын көпсалалық аралас қауіпсіздік мекемелерін салу туралы ұсыныс енгізді. Тұжырымдама өмір бойына бас бостандығынан айырылғандар, көмелетке толмағандар, әйелдер, оның ішінде балалы аналар және басқалар үшін бөлек блоктары бар колониялар құруды көздейді. Тағы бір маңызды бастама омбудсменнің шетелді казаметарды экстрадициялау, яғни шет мемлекетке беру кезінде баламалы алдын алу шараларын енгізуге бағытталған заңнамалық ұсынысты енгізуі болды. Қазіргі уақытта Қазақстанның қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес шетелдіктерді экстрадициялау туралы істерді қарау кезінде тек уақытша ұстау және экстрадициялық қамауға алу қолданылады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, балама шаралардың болмауы үнемі ақтала бермейді және заң алдындағы теңдік қағидасын жиі бұзды. Қазіргі уақытта Қылмыстық іс жүргізу кодексінде шет мемлекеттерде іздеуде жүрген тұлғаларға балама шара ретінде кепілді қолдану мүмкіндігін белгілейтін жаңа бап ұсынылды. Заң жобасы қазірдің өзінде Парламентке жіберіліп, талқылау сатысында. Осы және басқа да бастамалар құқық қорғау институтының халықтың барлық топтары үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жөніндегі ұзақ мерзімді стратегиясын көрсетеді. Қазақстан Республикасындағы

Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің Ақтөбе облысы бойынша өкілдігі.

2025 ЖЫЛДЫҢ I ТОҚСАНЫНА Ш. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ	Избасов Адилбек Жансерикович Округ әкімі	Әр аптаның сәрсенбісі. Сағ. 10:00 -12:00 ге дейін	Қаратал ауылы, Сүлеймен әулие көшесі №12	73-2-62 bersiev_79@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ-сының сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 73-2-62 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жәшік орнатылған.

ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ I ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты-жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік орган орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Қайыңды ауылдық округі әкімі Ж.Абиев	Қаңтар 8,14,21,28 Ақпан 4,11,18,25 Наурыз 5,12,19,26	Ақжар ауылы Мектеп 6	74-8-10

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 74-8-14.

ЖҰҚПАЛЫ АУРУ ТАЗА ЖЕРДЕ „ТҰРМАҮДЫ“!

ДЕРМАТОМИКОЗ АУРУЫ – АДАМДАР МЕН ЖАНУАРЛАР АРАСЫНДА КЕҢ ТАРАЛҒАН ОРТАҚ ПАРАЗИТАРЛЫҚ АУРУ. ДЕРМАТОМИКОЗ САҢЫРАУҚҰЛАҚ ИНФЕКЦИЯСЫ, ТАЗ АУРУЫНА ӨКЕЛІП СОҚТЫРАТЫН ЖҰҚПАЛЫ ТЕРІ АУРУЫ. БҰЛ АУРУЛАР ТРИХОФИТИЯ ЖӘНЕ МИКРОСПОРИЯ ТҮРІНДЕ КЕЗДЕСЕДІ. АУРУДЫ АУРУ АДАММЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА ЖӘНЕ АУРУҒА ҰШЫРАҒАН МАЛДАР МЕН ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНАН ЖҰҚТЫРАДЫ. ӨСІРЕСЕ, ИТ-МЫСЫҚТАН ЖҰҚТЫРУ ЖИИ КЕЗДЕСЕДІ.

Ағымдағы жылы аудан бойынша балалар арасында 1 жағдай тіркелді. Былтыр 14 жасқа дейінгі 14 бала ауырды. Соның ішінде мектепке барып жүрген оқушылар арасынан 9 жағдай тіркелді. Науқас адамның тері қабыршақтары кілемге, еденге түсіп, ұзақ уақыт сақталады. Саңырауқұлақтар шашты, тері қабатын, тырнақтарды зақымдайды. Инфекция науқас адаммен және жануармен тікелей байланыста болғанда, яғни қол алысу, жеке заттар (киім, аяқ киім, тарақ, сүлгілер, маникюр керек-жарақтары және т.б.), ортақ заттар (кітаптар, қаламдар, жихаздар, ойыншықтар) арқылы берілуі мүмкін. Сонымен қатар шаш алдыру

кезінде, тырнаққа маникюр жасау кезінде, моншаға барғанда гигиеналық талаптар сақталмаған кезде жұқтырады. Аурудың инкубациялық кезеңі (яғни жұқтырғаннан кейін) 1 аптадан 1 айға дейінгі аралықта белгілері білінеді. Негізінен шаштың түсуі, терінің қабыршақтануы, бас терісінде бөртпе пайда болады. Тегіс теріде дөңгелектенген айқын шекаралары бар, шеттері көтерілген қабынудан ісінген дақтары пайда болады. Зақымданған ошақтың ортасында құрғақтанған қабыршақтар болуы мүмкін. **Ауруды жұқтырудың алдын алу мақсатында келесі қағидаларды сақтауды ұсынамыз:** - теріні таза ұстау; - ешқашан бөгде адамдардың

бас киімдерін, аяқ киімдерін кимеңіз, тарақтарын, төсек-орын жабдықтарын пайдаланбаңыз; -моншаға шомылу кезінде жеке бас гигиенасын сақтау; - қаңғыбас мысықтар мен иттермен ойнамау; - үнемі профилактикалық дезинфекция жүргізілетін моншаларға, сауналарға, жүзу бассейндеріне, спорт залдарына бару керек; - шаштаразда шаш қиғаннан кейін басты сабындап жуыңыз; - үй мысықтары мен иттер де аурудың алғашқы белгілері пайда болғанда оларды емдеу үшін ветеринариялық дәрігерге көрсету қажет. Егер теріде және бас терісінде бөртпелерді байқасаңыз, дер кезінде диагноз қойып, тиісті ем алу үшін медицина-

лық ұйымдарға тексерілу қажет. Өздігінен крем, мазьдармен емдеуге болмайды. Кез-келген дерматомикоз дәрігердің бақылауымен, диагноз қойылғаннан кейін емделуге тиіс. Сонымен қатар, науқастардың көпшілігі өз ауруына мән бермей, басқалардың денсаулығына қауіп төндіре отырып моншаларға, бассейнге, спорт залдарына, шаштараздарға барады. Осы аурудың белгілері байқасаңыз, сауыққанға дейін баланы балабақшаға немесе мектепке баруын тоқтату керек. **Ғ. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**

АЛҒЫС

Әке, әкешім тірі болғанда биылғы жылы 70-ке толар едің... Өттең, сізді арамыздан алып кеткеніне 19 жыл болды. Бірақ, әке, сіз кеше біз үшін қайта тірілгендей болдыңыз.

Сіздің жарқын бейнеңіз, қызметке адалдығыңыз, ауыл үшін жасаған игі істеріңіз, кісілік келбетіңіз жөнінде, яғни «СІЗ» туралы ардақты әкешім сыр шертілді. Бұл шараға себепші болған өз ауылдастарың, замандастарың, қызметте бірге болған игі жақсыларың. 1995 - 2006 жылдары қиын-қиыстау кезеңдерде әкім болып, сол ауыртпалық кезеңдерде қызметтік жұмысыңыздағы жауапкершілікті жоғары қойып, ауыл халқын өрге сүйреп, елім, жерім деп өмірленген жан-кештілігіңіздің қайырымы қайтты. Ауыл халқы сізге бір күнін арнап ас беріп, спорттық шаралар ұйымдастырып, сіздің көзіңізді көрген замандастарыңызды, құрдастарыңызды, бауырларыңызды, балаларыңызды шақырып, құдайы қонақ етті.

Сіз туралы естелік айтқан әрбір жаннан қиындыққа мойымайтын қажырлы тұлғаңыз, қайырымды істеріңіз, адалдығыңыз бен шыншылдығыңыз кісілік келбетіңізді айқындай берді. "Әр адам өткенін ой елегінен өткізбей, келешекке бет түзмейді" демей ме? Осы іске бастамашы болған ерең еңбегімен елге танылған, адал еңбектің дәмін халқына таттырып жүрген, абзал жан Спартак Шеруенұлы Төремұратовқа, кезінде әкеміз өзі дайындап отырғызып кеткен кадрды, әкемізді өзіне ұстаз тұтатынын айтып жүретін округ әкімі Марат Тәжіғалиевқа, ел ағаларына зайыбы Гүлзаданың, бауырларының, балаларының атынан шынайы алғысымызды білдіреміз. Ауданымызда халықтың қамы үшін қызмет ететін адал қызметкерлер көп болғай, ал ел ағаларының осындай істері, ұрпаққа үлгі болып жалғасын таба берсін демекпіз!

Бұлбұл СЕНБАЙҚЫЗЫ.

«ИСЛАМ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ» ЖЫЛЫ РУХАНИ БАҚЫТТЫҢ БАСПАЛДАҒЫ

БАРШАҢЫЗҒА БЕЛГІЛІ КҮНІ КЕШЕ ҒАНА ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ, БАС МҰФТИ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫ ДІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ БАҒДАРЛЫҚ БАЯНДАМАСЫН ЖОЛДАП, 2025 ЖЫЛДЫ «ИСЛАМ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ» ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯЛАДЫ. БҰЛ – ЕЛІМІЗДІҢ РУХАНИ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ БАСТАМА.



Бұл шешім қоғамда отбасы институтының маңыздылығын арттыру, ұлттық және діни құндылықтарды қайта жаңғырту мақсатында қабылданды. Әр дәуірде қоғамның негізі болып саналатын отбасы бүгінгі таңда түрлі сын-қатерлерге ұшырап, әлсіреу қаупіне тап болуда. Сондықтан отбасы мәселесін күн тәртібіне шығару – дер кезінде қабылданған игі қадам. Бас мүфти осы жыл аясында бірнеше іс-шаралардың жүзеге асырылатынын басып айтты. Бұл бастама қоғамдағы рухани, мәдени және әлеуметтік мәселелерді шешуде айрықша рөл атқаруға бағытталған. Ендеше, отбасы құндылықтарына байланысты кейбір мәселелерді тілге тиек еткім келеді.

ОТБАСЫ – АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ӨЗЕГІ
Ислам дінінде отбасыға ерекше назар аударылған. Құран Кәрімде Алла Тағала:

«Оның (Алланың құдіретін көрсететін) айқын дәлелдерінің бірі – өз болмыстарыңнан жандарың жай тапсын деп, сендер үшін жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік пен мейірімділік сезімін ұялатты. Расында осыны ақылға салып, ойланатын қауым үшін айқын дәлелдер мен ғибрат бар» («Рум» сүресі, 21-аят) деп, ерлі-зайыптылар арасындағы сүйіспеншілік пен өзара түсіністіктің маңыздылығын айтты. Сонымен қатар, пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Сендердің ең жақсыларың – отбасына жақсы қарағандарың. Мен де отбасыма жақсы қарағандардың ең ізгісімін» деп, отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау мұсылманның басты қасиеттерінің бірі екенін ескертті. Ислам діні отбасыны жай ғана жақын адамдардың одағы деп емес, рухани және адамгер-

шілік құндылықтардың діңгегі деп қарайды. Отбасы – тек балаларды тәрбиелеудің ғана емес, қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты сақтаудың негізі.

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ОТБАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бүгінде жаһандандудың, технологиялық дамудың және заманауи мәдениеттің ықпалынан отбасы құндылықтары көптеген қиындықтарға тап болып отыр. Соның ішінде: **1. Ажырасудың көбеюі:** Қазіргі уақытта отбасылық өмірдің жауапкершілігін түсінбеу, жанұядағы түсініспеушіліктердің алдын алуға деген талпыныстың болмауы – ажырасу көрсеткіштерінің артуына алып келуде. **2. Бала тәрбиесіндегі олқылықтар:** Көптеген отбасыларда бала тәрбиесіне жеткілікті көңіл бөлінбей, ұрпақтың рухани құндылықтарға бағытталмауы байқалады. Балаларға мейірім мен уақытты

аз бөлу, олардың рухани дамуын назардан тыс қалдыру – болашақ қоғамның әлсіреуіне әкелуі мүмкін.

3. Материалдық құндылықтардың басымдық алуы: Қоғамда байлық пен материалдық жетістіктерге ерекше мән беріліп, рухани құндылықтар екінші орынға ығысып жатыр. Бұл отбасының ішкі тұрақтылығына кері әсер етуде.

4. Әлеуметтік желілердің ықпалы: Заманауи технологиялар ерлі-зайыптылар мен ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа теріс әсерін тигізуде. Отбасылық құндылықтар ақпараттық кеңістікте жеткілікті деңгейде дәріптелмейді. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының «Ислам және отбасы құндылығы» жылы туралы бастамасы осы мәселелердің шешімін табуға бағытталған. Бұл бастама отбасы институтын нығайтуға, оның қоғамдағы маңыздылығын арттыруға және рухани құндылықтарды жаңғыртуға арналған.

ҚМДБ Төрағасының сөзімен айтсақ, отбасы – ислам дінінде қасиетті институт. Сол себепті отбасылық құндылықтарды сақтау және нығайту әрбір адамның, әрбір қоғам мүшесінің басты міндеті. Бұл бастаманың негізгі мақсаты – отбасылардың өзара сыйластық, сүйіспеншілік және бірлік негізінде өмір сүруіне ықпал ету. Отбасы – махаббат пен сыйластықтың ошағы. Отбасы құндылықтары сүйіспеншілік, құрмет және сенім сияқты қасиеттерден бастау алады. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың жылы әрі сыйластыққа негізделуі отбасының бақытты болуына ықпал етеді. Мұндай ортада өскен балалар өздері де мейірімді, жауапты әрі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Сонымен қатар, отбасы – ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың ұрпақтан-ұрпаққа берілуінің басты көзі. Отбасында қалып-

тасқан құндылықтар арқылы аударылады. Мұндай шаралар жас ұрпақтың болашақта отбасылық өмірге байыппен қарап, жанұялық қатынастарда жауапкершілікті сезінуіне ықпал етеді. Тағы бір маңызды бағыт – ажырасудың алдын алу шараларын ұйымдастыру. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен мешіттер жанынан құрылған отбасылық кеңес беру орталықтары ерлі-зайыптылар арасындағы түсініспеушіліктерді шешуге көмектеседі. Аталған орталықтарда психологтар мен дін қызметкерлерінің бірлесу жұмысы істей отбасы мүшелерінің мәселелерін шешуге кешенді қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу де осы бастаманың маңызды бөлігінің бірі. Балаларды ұлттық және діни құндылықтар негізінде тәрбиелеу, оларды имандылыққа, құрметке және еңбексүйгіштікке баулу қоғамның рухани дамуының негізін қалайды. Сонымен қатар, Бас мүфти «Mufiyat» баспасынан отбасы тақырыбындағы еңбектер жарық көретінін хабарлады. Бұл арқылы отбасының маңыздылығы әртүрлі аудиторияға жеткізіліп, қоғамның барлық топтары арасында кеңінен насихатталады.

«Ислам және отбасы құндылығы» жылы – тек діни бастама ғана емес, қоғамды біріктіруге арналған үлкен рухани қозғалыс. Себебі отбасының нығаюы – қоғамның тұрақтылығы мен мемлекеттің болашағына тікелей әсер етеді. Отбасы – қоғамның тірегі, ұрпақтың өсіп-өнетін бесігі. Еліміздегі әрбір шаңырақтың берекелі болуы үшін қызмет ету – әрқайсымыздың қасиетті борышымыз. Ұлт болашағы үшін барлығымыз осы бастамаға атсалысып, қоғамға үлес қосайық!

Ерболат ЖҮСІПОВ,
Астана қаласының және «Өзiрет Сұлтан» мешітінің бас имамы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1422 дана. Тапсырыс 165 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525
«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

